

Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1118 Қаулысы

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының [4-бабының 17\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын [талаптар](#) бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1118 [қаулысымен](#)
бекітілген

Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының [4-бабының 17\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген.

2. Осы талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Мемлекеттік энергетикалық тізілім - Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері туралы ақпараттың жүйеленген жиынтығы;

2) Мемлекеттік энергетикалық тізілім операторы - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйым;

3) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері - жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан көп тоннасына барабар көлемде энергетикалық ресурстар тұтынатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері;

4) энергетикалық ресурстар - запастағы энергиясы қазіргі уақытта шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне пайдаланылатын немесе перспективада пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия көздерінің жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химия, электрлі-магнитті, жылу және энергияның басқа түрлері);

5) энергетикалық аудит (энергия аудиті) - энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау және қорытынды дайындау мақсатында энергетикалық ресурстардың пайдаланылуы туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;

6) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент (энергия менеджменті) - энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саясатын, іс-шаралар жоспарын, мониторинг рәсімдері мен әдістемелерін, энергия тұтынуды бағалауды әзірлеу мен іске асыруды және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған басқа да іс-қимылдарды қамтитын, энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге және басқару объектісінің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені;

7) энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) - энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар;

8) энергия үнемдеу - пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру;

9) энергия үнемдеу аймағы - энергия ресурстарын тұтынатын және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру объектілері болып табылатын технологиялық процестің, жабдықтың және оның қамтамасыз ету жүйесінің негізгі және қосалқы бөлігі, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың сапа менеджменті жүйесінің іс-шаралары.

2. Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұны

3. Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) осы Талаптардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша әзірленеді.

4. Іс-шаралар жоспарына толықтырулар және (немесе) өзгерістер оны бекіту және қайта бекіту мерзімін көрсету арқылы Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінің бірінші жетекшісімен бекітіледі.

5. Іс-шаралар жоспары шартты түрде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру объектілеріне, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етудің техникалық және ұйымдық іс-шараларына, сондай-ақ өнім және аумақ бірлігіне энергия ресурстарын тұтыну көлемдерін төмендету бойынша талаптарға сәйкес келетін энергия үнемдеу аймақтарына бөлінген.

6. Іс-шаралар жоспарының әрбір ұстанымына, сондай-ақ энергия ресурсының түріне код және реттік нөмір беріледі. Іс-шара коды іс-шара мен энергия ресурсы түрінің қысқартылған атауын білдіреді.

7. Іс-шаралардың орындалу мерзімін ұйым өздігінен белгілейді.

8. Әрбір энергия үнемдеу аймағы бойынша және жалпы бүкіл Іс-шаралар жоспары бойынша іс-шараларды іске асыруға жоспарланған шығындардың қорытынды мәндері анықталады.

9. Іс-шаралар жоспары осы талаптардың [қосымшасына](#) сәйкес нысан бойынша 1-кесте мен 2-кестеден тұрады.

10. Іс-шаралар жоспарының 1-кестесі мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) 1-кестенің 1-бағаны (Код және нөмір) - энергия үнемдеу аймағының қысқартылған атауы түріндегі іс-шара коды және іс-шараның екі немесе үш саннан тұратын реттік нөмірі;

2) 1-кестенің 2-бағаны (Іс-шаралар) - іс-шараның толық, сөздер мен атаулардың қысқаруынсыз атауы;

3) 1-кестенің 3, 4, 5, 6, 7-бағандары (Орындалу мерзімі, жыл) - іс-шараның жылдың күні мен айын білдіретін, цифрлар түріндегі орындалу мерзімі (мысалы, 09.04). Орындалу мерзімі көрсетілмейтін бағандарда сызықша (-) қойылады. Жыл бойында бірнеше орындалу мерзімін белгілеуге тыйым салынады;

4) 1-кестенің 8, 9, 10, 11, 12-бағандары (Жоспарланған шығындар) - жоспарланған қаржы шығындары млн. теңгемен көрсетіледі. Жоспарланған шығындар көрсетілмейтін бағандарда сызықша (-) қойылады.

5) 1-кестенің 13-бағаны (Орындалу туралы белгі) - осы іс-шараның орындалуын растайтын құжаттар бойынша деректер. Растайтын құжаттар көшірмесі Іс-шаралар жоспарына, оған толықтырулар мен өзгерістерге қосымшалар болып табылады. Егер іс-шара бірнеше жұмыстар негізінде немесе бірнеше ұйымдардың қатыстырылуымен орындалса онда әрбір растайтын құжат бойынша деректер көрсетіледі.

11. Іс-шаралар жоспарының 2-кестесі мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) 2-кестенің 1 және 2-бағандары (Код және реттік нөмір, энергия ресурсының атауы) - толтырылмайды;

2) 2-кестенің 3, 4, 5, 6, 7-бағандары (Энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтудың жоспарланған көлемі) - 2-бағанда көрсетілген және бүтін санды білдіретін үтірден кейінгі 3 саны бар (мысалы, 3,721) цифр түріндегі энергия ресурстарын тұтынуды жоспарланған азайтудың өлшем бірліктеріндегі көлемі. Энергия ресурстарын тұтынуды азайтудың жоспарланған көлемі әр жылға көрсетілуі тиіс.

3) 2-кестенің 8, 9, 10, 11, 12-бағандары (Жоспарланған үнемдеу, млн. теңге) - энергетикалық ресурстарын тұтынуды жоспарланған азайтудан (3, 4, 5, 6, 7-бағандар) келетін ақшалық баламасындағы жоспарланған үнемдеу (млн. теңге).

4) 2-кестенің 13-бағаны (Барынша жоғары қуаттың ықтимал төмендеуі) - барынша жоғары қуаттың ықтимал төмендеуі электр энергиясына (кВт), жылу энергиясына (Гкалл*сағ) және суға (м³/сағ) жатады.

5) 2-кестенің 14-бағаны (Орындалу туралы белгі) - қорытындының нөмірі және күні және Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі атауы көрсетілген энергия аудиті қорытындысы бойынша деректер.

12. Іс-шаралар жоспарының, оған толықтырулардың және (немесе) өзгерістердің электрондық түрі Microsoft Excel кестелік редакторында жасалады.

Энергия аудитінің қорытындысы бойынша
Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі
өзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия
тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар
жоспарының нысаны мен мазмұнына
қойылатын [талаптарға](#)
қосымша

Нысан

Бекітемін

бірінші басшының лауазымы ұйымның қысқартылған атауы

СО.03	Сұйық отын (тонна)											-	
ЭЭ.04	Электр энергиясы (кВт*сағ)												
ЖЭ.05	Жылу энергиясы (ГКалл)												
С.06	Су (м ³)												
Жиыны:												-	-
Барлығы													-

Келісілді:

Әзірлеушілер:

Ескертпе:

1. Іс-шаралар кодының мағынасы:

1) ЭЖЖЖ. - электрмен жабдықтау және жарықтандыру;

2) ЖЖЖЖ. - жылумен жабдықтау және жылыту;

3) ЖСЫ. - желдету, салқындату, ылғалдандыру;

4) СС. - сумен қамтамасыз ету және су бұру;

5) ТҚ. - технологиялық құрал-жабдық;

6) ЕҚ. - Есептеу және бақылау құралдары мен аспаптары, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер;

7) ЭМ. - энергия менеджменті;

8) ҚБА. - қайта даярлау және біліктілікті арттыру;

9) ҚО. - қатты отын;

10) Газ. - газ;

11) СО. - сұйық отын;

12) ЭЭ. - электр энергиясы;

13) ЖЭ. - жылу энергиясы;

14) С. - су.

2. 2-кестенің 13-бағанында өлшем бірлігі электр энергиясы үшін кВт, жылу энергиясы үшін Гкалл*сағ және су үшін м³/сағ болады.